

ТРЕНИНГТАН

КАНЦЛАРИЯТА НА ОТЕЧЕСТВЕНАТА БЕЗОПАСНОСТ

Егемен елдің «еркін» діні

Қазақстанда протестанттар 1189 ұйым құрған

Адамзат санасының ерекше бір түрі ретінде дін қоғамның саяси жүйесінің сипатына байланысты бірде күшейіп, бірде әлсіреп, кейде кемерінен шығып, кейде жуасып талай ғасырды артқа тастады. Жер бетінде пенденің барында әлі талай асулардан өтер. Өйткені адам дінсіз өмір сүре алмаса, дінге де адамсыз өмір жоқ. Мемлекетке қатысты да осыны айтуға болады.

Кешегі Кеңестік кезеңде дін қудалауға түсіп, атеистік (құдайға сенбеушілік) идеология, «дін – апиын» деген тұжырым үстемдік етті. Жаңа кеңестік заманды қолдаушылар «құдайсыздар қоғамын» (общество безбожников) құрып, өздері соның белсенді мүшесі болуға тырысты. Бұл кейін белсенді атеистік ұйымдарға айналып, жер-жерлерде дінге қарсы үгіт-насихат майданы ашылып, мыңдаған дәрістер оқылып, кинофильмдер көрсетілді. Талай дін иелері қудалауға түсіп, айдалып, атылды. Тіпті бір заманда ата-бабасы дін ұстағандар жаппай қудаланды. Талай мешіттер құлатылып, кейбірі мәдени ескерткіштің озық үлгісі болғанына қарамай басқа мақсаттарға пайдаланылып, тіпті мал қора етілді. Мұның барлығы адамның өзіне сенімін жоғалтты. Оның орнына кеңес көсемдерін соншалықты асқақтатып, оған теңеу таба алмай, соған мәңгіліктей сендіруге, ақырында жеке басқа табындыруға алып келдік. «Сталин қайда болса, жеңіс сонда» деген өлең жаттадық. Күн көсем о дүниелік болғаннан кейін «Партия қайда болса, жеңіс сонда» деп өзгертіп әндеттік. Алайда мұның барлығы бекершілік болып шықты. Ар-ождан бостандығын елемеу, адамның өзіне өзінің сенімін жоғалту – 70 жыл өмір сүрген Кеңес Одағының ыдырауына алып келген әлеуметтік факторлардың бірі болғанына бүгін көзіміз жетіп отыр.

Ғасырлар күткен Тәуелсіздік қоғамымызда діннің қайта жаңаруы мен жаңғыруына жол ашты. Еліміздің ең алғашқы құжаты – «Қазақ ССР Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияда республика территориясында тұратын азаматтардың діни нанымна, Қазақ ССР Конституциясы шеңберінде жұмыс істейтін діни ұйымдардың мемлекет және қоғам өміріне қатысуы үшін тең құқыққа ие болуға кепілдік берілді. Ал 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң Қазақстан Республикасының әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таныды. Діни бірлестіктер қызметі құқықтық жағынан реттелді. Азаматтардың дінге көзқарасына қарай олардың құқықтарын тікелей немесе жанамалап шектеу немесе қандай да бір артықшылықтар белгілеу немесе соған байланысты өшпенділік пен жеккөрушілік туғызу, не азаматтардың сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ қайсы бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады деп атап көрсетілді.

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабының бірінші тармағында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» деп тайға таңба басқандай айқын жазылды. Сондай-ақ бұл құқықтық норманы жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс екендігі айтылды.

Мұның барлығы тәуелсіз мемлекетіміздің дін саласындағы бетбұрысын айқындаған, еліміздегі діни кеңістіктің оңалуына игі әсер еткен алғашқы құқықтық қағидалар еді. Бұл әркімнің өзінің дінге көзқарасын дербес айқындауға, ұстануға немесе ұстанбауға еркіндік берді. Дінге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, халқымыз адамзат өркенінің, рухани байлығының бір көзі – дәстүрлі дінімен қайта қауышты. Дінге сенушілер көбейіп, діни бірлестіктердің саны артты. Мешіттер көбейіп, ол имандылық пен ізгіліктің орнына айналды. 1990 жылы Қазақстанда 671 қана діни бірлестіктер болса, қазір ол 6 есеге көбейіп, 4000-нан асты. Соңғы 200 жылдай патшалық Ресейдің отарында, кеңестік қыспақта болып, теперіш көрген осы аймақтың ежелден жалғыз иесі – қазақтың дәстүрлі

исламдық діни бірлестіктері 46-дан 2337-ге өсті. Көптеген діни мектептер ашылды. Бірқатар жастар шетел діни оқу орындарында білім алуда. Қажылыққа барушылық дәстүрге айналды.

Жинақтай айтқанда, қазіргі қолданыстағы заңдық қағидалар егемен елдің, қоғамымыздың өтпелі кезеңіндегі дініне қатысты бірсыпыра принципті мәселелерді шешті. Бұған дау жоқ. Бірақ қоғамның дамуы бұл мәселелердің жетімсіз екенін де көрсетіп отыр.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында қабылданған Заңның осал тұстарын, жаңа заманда жан-жағымызға қарамай, ашық қоғам құрамыз деген әлі пісіп жетілмеген ізгі ниетімізді жаһандану кеселдері тиімді пайдаланып, елімізге сырттан түрлі ағымдарды қаптатып жіберді. Тіпті дәстүрлі ислам дінінің өзі түрлі ағымдарға бөлініп, оларды қалталы кісілер монополиялауға ұмтылуда. Көкейлерінде билік мансабы жоқ емес.

Ежелден дәстүрлі екі дінмен келе жатқан Қазақстанның тәуелсіздік жылдары көп конфессиялар, көпдінділікке бой ұру бүгінгі зиялы қауымды ойландырмайды емес, ойландырады. 200 жылдай патшалық Ресейдің отарында, кейін тоталитарлық кеңестік қыспақта болудың нәтижесінде қоғамымызда орын алған ұлтсыздық сананың көріністерінен толық арыла алмай, тіпті рухани дінгегіміз – тіл кеңістігінде тұтастыққа жетпей, сонан соң өзіміз дәстүрлі дінімізді әлі толыққанды танып-білмей отырғанда, тәуелсіз ел ретінде әлі қабырғамыз қатая қоймаған кезде 70-тен астам әртүрлі ағым-секталарды біріктіріп отырған 10-ға тарта діни ұйымдардың еліміздің бірлігіне, мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін деп толғану негізсіз емес.

Біз қай мәселеде болса да халықаралық стандарт деп жабыса кетеміз. Әсіресе АҚШ тәжірибесіне үйірміз. Дін саласында да осылай болып тұр. Әйтпесе протестантизмге есікті ашып қоюды қалай түсінуге болады. Халықаралық құбылыстарды сыйлау керек. Бірақ аса сақтықпен, сын көзімен қарап, еліміздің тарихи, ұлттық ерекшелігін, халқымыздың сан ғасырлық қалыптасқан болмысын заман талабына сәйкес жаңғырта отырып, қабылдау дұрыс болар еді. Өйткені біз қанша АҚШ-қа ұмтылсақ та американдық бола алмаспыз, бәлкім оның қажеті де бола қоймас.

Қазір республикадағы 70 пайыздай (оның ішінде 63 пайыз қазақ) мұсылмандардың 2337 діни бірлестіктері болса, ал адамдар саны белгісіз протестантизм бағытын ұстанатындардың 40-тан астам әртүрлі ағымдарының 1189 ұйымы бар. Бұл бүкіл республикадағы діни бірлестіктердің 30 пайыздайын құрап отыр. Сонан соң республикада тіркеліп, заңды түрде қызметіне рұқсат етілген барлық 357 миссионерлердің 307-сі – католиктер мен протестанттардың өкілдері. Олар қазақ елінің шектен тыс «демократияшылдығын» ұтымды игеріп, басқа елдерге қарағанда біздегі діни бірлестіктерді тіркеу рәсімдерінің жеңілдігін пайдаланып, миссионерлік іс-қимылдарды кең көлемде әрі белсенді жүзеге асырып келеді. Әртүрлі ағым-секталардың миссионерлік әрекеттері, олардың уағызына елтіп жүрген үлкен-кішілеріміз туралы бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде «Жас Алаш», «Түркістан» газеттерінде, жергілікті және діни басылымдарда нақты мысалдармен барынша ащы жазып келеді, бірақ бұған құлақ асатын әзір ешкім болмай отыр. Қоғамдық пікірмен санасу – халықтың пікірімен санасу, ал халық – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы. Біздің Ата заңымызда да осылай жазылған. Атап айтқанда, әңгіме 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңға осы кезге дейін бірнеше өзгерістер енгізілгенімен, негізгі принципті мәселелер шешілмей келе жатқанында болып отыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтіре кетейік. Алдымен миссионерлік қызмет туралы. Заңның «Миссионерлік қызмет» деген 4-1-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – миссионер) Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті уәкілетті органда есептік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады». Ал «миссионер» деген сөзге шетел сөздігінде (Словарь иностранных слов) мынандай түсініктеме берілген: «Миссионер – лицо, занимающееся распространением религии среди населения с иным вероисповеданием; как правило миссионер выполняет функции идеологической экспансии». Қолданыстағы Заңның негізгі

ұғымдарға арналған 1-1-бабының екінші тармақшасында «миссионерлік қызмет – өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын діни бірлестіктердің жарғылық ережелерінде жоқ діни сенімді діни ағартушылық қызмет арқылы уағыздау және тарату» деп жазылған. Өздеріңіз көріп отырғандай, бұл жерде екі мәселе бар. Бірінші – біздің елімізде дәстүрлі емес діндерді насихаттауға кең жол ашу. Бұл қандай қажеттіліктен туды? Екіншіден, мұндай жұмысты Қазақстан Республикасының азаматы болмағандар да атқара береді. Сонда Қазақстан кім болса соның, қандай дін болса соны уағыздай беретін, сөйтіп халқымыздың ежелгі дініне іріткі салуға еркіндік беріп қоятын елге айналғаны ма? Әлде бұл Конституцияда көрсетілген идеологиялық әралуандылыққа жата ма? Қалай ойласақ та, бұл біздің ұлттық мүддемізге әсте сай келмейді. Газет беттеріндегі материалдарға қарағанда, миссионерлік қызметті жергілікті халықтың бір де бірі қолдамайды. Олай болатын болса, соны тықпалаудың билікке қаншалықты керегі бар?! Діни алауыздықтың талай елдің күлін көкке ұшырғанын көріп-біліп отырып, әсіресе сырттан келген діндердің соншалық ағым-секталарға бөлінуіне заңдық тұрғыда жол бергенімізді ұрпақ кешіре алмауы мүмкін.

Украина, Ресей және Белоруссия елдерінің заңдарында миссионерлік қызмет жоқ. Бұл қызмет Қазақстан мен Қырғызстанға ғана аса қажет көрінеді. Сонда соңғы екі ел ТМД кеңістігіндегі ең «демократияшыл» ел болғандары ғой? Ал көрші елдегі оқиғаларға бұл миссионерлік қызметтің де әсері болмай отыр деп айта алмаймын. Менің білетінім, бәлкім қателесермін, лайым солай болсын, мұның түбі бізде де еш жақсылыққа апармайды. Кәрі тарих дінге бөліну нәтижесінде болған әртүрлі қақтығыстарды жақсы біледі. Ондай келеңсіз көріністерді мерзімді баспасөздерден де оқып отырмыз.

Біздің Заңымыздың тағы бір осалдығына екінші мысалды Заңның «Діни бірлестіктерді тіркеу» атты 9-баптан табуға болады. Онда республикада діни бірлестіктер кемінде кәмелетке толған 10 азаматтың (белгілеген – Ә.Б.) бастамашылығымен құрыла береді. Қай елдің азаматы екені, оның республикада қанша жыл тұруы керектігі айтылмаған. Заңда мұндай екі ұшты мәселелер болмауға тиісті. Ал Ресей Федерациясының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңының 9-бабында Ресейде ең кемі 15 жыл тұрған азаматтар ғана діни бірлестіктердің құрылтайшысы бола алады. Ал Беларусь Республикасының «Ар-ождан бостандығы және діни ұйымдар туралы» Заңында діни қауымдастықты құру туралы ұсынысты жиырмадан кем емес республиканың тұрақты азаматтары жасайды.

Мұндай кемшіліктер біздің қоғамда неге орын алып отыр дегенде бір мәселені айта кеткен артық болмас. Ол қазіргі демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнатуды мақсат етіп отырған тәуелсіз еліміздің дінге қатысты ұстанымдарының толық және айқын еместігінен туындап отыр. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарындағы саясаткерлер мен дінтанушылардың көзқарастарындағы кейбір қайшылықтар, жақында шыққан «Дінтану» пәні туралы оқу құралына айтылып жатқан сындардың негізі біздің мемлекетіміздің дінге, оның ішінде өзін құраушы болып отырған қазақ ұлтының ежелгі діні – исламға қатысты да принципті тұжырымдарының жоқтығы. Осы бағыттарда іргелі еңбектерге де зәруміз. Жоғарыда айтылған Ресей Федерациясының дін туралы Заңы «Ресей тарихындағы, оның қалыптасуы мен дамуындағы православиенің ерекше рөлін мойындай отырып» деген сөздерден басталса, біздің заңымызда ислам жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Бұл да сөзімізге дәлел бола алады.

Діннің мемлекеттен, мемлекеттің діннен бөлек болуы керектігін кезінде Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан де көтерген болатын. Ол 1917 жылғы 23 желтоқсанда жарияланған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында бұл партиядан шығуының себебін діннің мемлекеттен бөлек болуына қатысты кадеттіктермен тіл табыса алмағанын айтқан еді. Алайда ұлы ұстаз дінді мемлекеттен бөлу керек дегенде, біздің қоғамда да мемлекет діннен бөлінген дегенімізде де екеуінің арасына қытай қорғаны салынсын деген ойда ешкім болмаған шығар. Осы тұжырымдардың мағынасын толығырақ аша түскен жөн сияқты. Ислам дінінің еркін дами алмай жатқанының бір себебі де – біздің

мемлекетіміздің халқымыздың ежелден дініне деген ұстанымын айқындай алмай отырғандығында.

Тағы бір мәселе туралы айта кетсек. ТМД елдерінің конституцияларын салыстыра отырып, мынандай жайды аңғардық. Православие дініндегі Ресей, Украина, Беларусь елдерінің Негізгі заңдарында «зайырлы мемлекет» деген ұғымдар атап көрсетілмеген. Ал Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдерінің осы сипаттағы құжаттарында міндетті түрде мемлекеттің зайырлы екендігі жазылған. Сонда мұсылман елдері басқаларға қарағанда «зайырлылау» болғаны ма? Мен осы сөздің төркініне де күдікпен қараймын.

Қалай ойласақ та, дінсіз мемлекет те, мемлекетсіз дін де жоқ. Шынайы дін мен мемлекеттің түйісер жері – елдің тұтастығы, тәуелсіздігіміздің тұғырлы бола түсуі, ұлтымыздың бірлігі, бүкіл қазақстандықтардың түсіністігі мен келісімді тірлігі. Сол себепті екі тараптың бірігіп әрекет етер кеңістігін, оның құқықтық механизмдерін айқындай түскен жөн. Бұл бағытта ізгілік пен имандылықтың, ұлттық иммунитетті күшейтудің рухани арқауы болып келе жатқан халқымыздың дәстүрлі діні исламға лайықты орын берілуі қажет. Әлемдік тәжірибеде мемлекет ең бірінші өзін құраушы ұлттың тұтаса түсуіне, оның тарихи санасын, дәстүрлері мен мәдениетін дамытуға көмектеспей отыра алмайды. Бұл – ең бірінші еліміздегі халықтың негізін құрап отырған қазақтың тағдыры.

Сонан соң діннің ешбіріне басымдық бермейміз деген жалаң құқықтық қағиданы мен дұрыс дей алмаймын. Бәлкім мен қателесермін. Еліміздегі мемлекет құраушы ұлттың дініне басымдық беруде біздің қолымызды кім қағады. Әншейінде барлығымыз ислам дінін “Ол біздің мәдениетіміз, рухани өзегіміз т.т.” деп жаппай мақтаймыз. Ал заңға келгенде біз ислам дініне басымдық бере алмаймыз деп шалқаямыз. Осы дұрыс бола қояр ма екен. Теренірек ойлану қажет сияқты.

Бүгінгі күні дін жөнінде жаңа заң керек деген уәж көп айтыла бастады. Шынын айтсақ, кештеу қозғалып жатырмыз. Бүгінгі қалыптасқан діндік қатынастарды заңдық жағынан жетілдіре түсу, елімізді мекен еткен этностардың ұлтаралық келісіміне нұқсан келтіретін ағым-секталар мен миссионерлер қызметіне тыйым салу, дәстүрлі діндерге көзқарасты заман талабына сай кеңейте түсу керек-ақ болып тұр. Әсіресе мемлекет пен діни мекемелердің арасындағы қарым-қатынасты құқықтық реттеуді жолға қою қажет. Жаңа заң еліміздегі діннің халықтың рухани, мәдени және мемлекеттік дәстүрлерді қалыптастырудағы ықпалын күшейтуге бағыттталып, әсіресе дәстүрлі діндердегі халықтардың тату-тәтті өмір сүруге ықпалын арттыра түсетіндей болуы керек. Әсілі заң әділеттілігімен, бұқара халықтың мүддесін көздеуімен құнды болмақ. Сонда ғана иесімен қайта қауышқан еркін діннің рухани күші, халыққа да, мемлекетке де берері арта түспек. Заң кеңістігіндегі демократия деген осы.